

Тулешова Г. Б.,  
Табеев Т.П.

**Экономикалық қауіпсіздікті  
ұлттық басымдылық ретінде  
қамтамасыз ету: сыртқы және  
ішкі факторлардың әсері**

Экономикалық қауіпсіздік экономикалық, саяси-құқықтық, геосаяси және геостратегиялық шарттардың кешенін құрайды. Олар динамикалық өсу мүмкіндіктері, ресурстық әлеуеті мен әлеуметтік даму және экологиялық қауіпсіздік негізінде мемлекеттің өмірлік мүдделерін қорғайды. Мақалада экономикалық қауіпсіздік, экономикалық жүйенің сыртқы және ішкі факторларға әсер етуі, тұрақтылық, т.б. мәселелер қарастырылады. Сонымен қатар экономиканың дамуы, тұрақтылық пен дамудың экономикалық қауіпсіздік проблемасына динамикалық тәсілмен келу қажеттігі талданады. Ол, негізінен, экономикалық қауіпсіздіктің индикаторларымен байланысты екендігі және индикаторлар уақыт ағымына байланысты өзгеріп отыратыны айтылады.

**Түйін сөздер:** экономикалық қауіпсіздік, ұлттық экономика, ұлттық қауіпсіздік, экономикалық қауіпсіздікке әсер етуші факторлар, экономикалық мүдде.

Tuleshova G. B.,  
Tabeev T.P.

**The economic security as a  
national priority: the impact of  
external and internal factors**

Economic security is a complex of economic, geopolitical, legal - political, geo-strategic conditions. Through dynamic growth, resource of potential, social development and environmental security is to protect the public interest.

According to many authors, economic security is characterized as the impact of economic systems on stability under the influence of internal and external factors, and stability, in turn, provides its development. If there is no economic development, reduced level of survivability.

**Key words:** economic security, national economy, national security, factors affecting economic security, economic interest, the path of economic security, national strategy for economic security.

Тулешова Г. Б.,  
Табеев Т.П.

**Обеспечение экономической  
безопасности как национальный  
приоритет: влияние внешних  
и внутренних факторов**

Рыночная экономика сама по себе не обеспечивает полноценную экономическую безопасность на уровне государства, предприятий и личности. В действующем законодательстве экономическая безопасность понимается как «...состояние защищенности национальной экономики Республики Казахстан от внутренних и внешних условий, процессов и факторов, ставящих под угрозу ее устойчивое развитие и экономическую независимость». Исходя из этого, помимо защитных мер, государство должно повысить уровень национальной силы.

**Ключевые слова:** Экономическая безопасность, национальная экономика, национальная безопасность, факторы влияющие на экономической безопасность, экономический интерес, пути обеспечения экономической безопасности, государственная стратегия экономической безопасности, обеспечение экономической безопасности

<sup>1</sup>І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,  
Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.

<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

\*E-mail: Tuleshova\_04@mail.ru

## **ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҰЛТТЫҚ БАСЫМДЫЛЫҚ РЕТІН- ДЕ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ: СЫРТҚЫ ЖӘНЕ ІШКІ ФАКТОРЛАРДЫҢ ӘСЕРІ**

«Экономикалық қауіпсіздік» термині ең алғаш 1970-жылдары пайда болып, дамыған капиталистік мемлекеттердің арасынан өз орнын тез тапты. Ұлттық қауіпсіздік елдің экономикалық қауіпсіздігінен бастау алады. Елдің қауіпсіздігі, ең алдымен, оның дәстүрлік қажеттіліктерін анықтайды.

«Экономикалық қауіпсіздік» түсінігін ең алғаш рет 1934 жылы Ф. Рузвельт қолданған болатын. Бұл ұғым батыс елдерінің басқару құрылымдарының қызметтік тәжірибелерінде жиі қолданылды және өте кең ұғым болып табылады. Жалпы айтқанда, экономикалық қауіпсіздік мазмұнын, оның құраушы элементтерін, сондай-ақ оны қамтамасыз етуші механизмдерді анықтау әртүрлі түсіндіріледі, бұл проблемаларды әр алуан теориялық-методологиялық байыптаулар шеңберінде зерттеумен сабақтасып жатыр.

Ресей академигі Л.И. Абалкиннің түсіндіруінше, «экономикалық қауіпсіздік елдің мықты қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету, қоғамда әлеуметтік-саяси тыныштықты сақтау, экологиялық апаттардан сақтау, энергетикалық қауіпсіздік сияқты құрамдас бөліктерімен қоса мемлекеттік қауіпсіздік жүйесінің құрамына кіреді». Мұнда бәрі бір-бірімен байланысты және бірін-бірі толықтырып отырады: әлсіз де тиімсіз экономика жағдайында әскери қауіпсіздік болуы мүмкін емес, сонымен қатар әлеуметтік кедергілер орын алған қоғамда әскери қауіпсіздік те, тиімді экономика да болуы мүмкін емес. Осындай байланыстарды нақтылай отырып, мұндағы шешуші және басты роль экономикалық қауіпсіздік болып саналатыны рас [1].

Экономикалық қауіпсіздік жүйесі міндетті түрде қаржылық қолдауға ие болуы шарт. Қауіпсіздіктің негізгі критерийлеріне қауіпті алдын ала сезу, оның қазір және келешекке келтіретін әлеуметтік және табиғи зияндарын анықтау мүмкіндігі және алдын алу шаралары жатады.

Экономикалық қауіпсіздік мәселесі өздігінен емес, қоғам дамуының әрбір сатысындағы экономикалық өсу міндеттерінен туындайды. Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мемлекеттің маңызды қызметінің құрамына кіреді. Экономикалық қауіпсіздік проблемасы мемлекеттің ішкі саясаты ғана емес, сонымен бірге сыртқы стратегиялық мәселе болып табылады. Сыртқы факторлардың тұрақсыздығы, олардың тез өзгеріп ке-

туі мемлекеттен халықаралық сауда және қаржы саясатын жүргізу қызметінде жоғары дәрежеде тәуекелділікті қажет етеді. Ал, жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерінің адамзат өркениетінің даму жолындай ұзақ тарихы бар. Сонымен қатар экономикалық қауіпсіздік халықтың өмір сүру жағдайын, халық шаруашылығын ресурстармен тұрақты қамтамасыз ету және тағы басқаларды қамтитын экономикалық жүйе. Жеке адам, табиғи және экономикалық потенциал, азық-түлік көздері, территориялық тұтастық пен конституциялық құрылым экономикалық қауіпсіздікте объектіні құрайды. Ал мемлекеттік сот пен заң органдары экономикалық қауіпсіздікте субъектіні құрайды. Осылайша, экономикалық қауіпсіздік – ұлттық экономиканың тәуелсіздігін, оның тұрақтылығы мен қалыптасуын, әрдайым жаңару мен өзін-өзі жетілдіруді қамтамасыз ететін жағдайлар мен факторлардың жиынтығы [2].

Мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігінің қазіргі жаһандану кезеңіндегі концепциясы тек экономикаға ғана емес, философия, геосаясат, социология, политология, құқық, мәдениет, экология, информатика кіретін кешенді әлеуметтік экономикалық даму идеологиясына негізделген. Экономикалық қауіпсіздіктің мемлекеттік стратегиясы ең алдымен, сыртқы факторлардың ең жоғары дербестігінде кеңейтілген қайта өндіру режимінде тұрақты қызмет ететін ұлттық экономиканы қамтамасыз ете алуы қажет.

Экономикалық қауіпсіздікті ұлттық басымдық ретінде қорғау үшін көп салалы, жоғары технологиялық бәсекеге қабілетті өндіріс керек, оның өнімі жетекші экономика салаларын сапалы шикізатпен және жабдықпен қанағаттандыра алатын болуы шарт; әскери күштерде қару жарақтың және әскери техниканың қазіргі заманғы үлгілерімен, тұрғындарды тұтыну тауарлары және қызметтермен, ал экспорттық саланы сыртқы нарықта бәсекеге қабілетті тауар және қызмет түрлерімен қамтамасыз ете алатын болуы шарт [3].

Экономикалық қауіпсіздікті қолдау мемлекеттің ерекше қызметіне жатпайды. Бәсекеге қабілетті экономиканы қалыптастыру мен ұлттық қауіпсіздікті нығайту аймақтық және жергілікті биліктің, отандық бизнестің, азаматтық қоғамның әртүрлі институттарының қатысуымен мемлекеттік жеке меншік әріптестік шегінде біріккен іс шаралары негізінде қамтамасыз етуге болады.

Мемлекеттің шаруашылық және әлеуметтік кешенін дамытуға бағыттылық экономикалық қауіпсіздіктің негізгі талабы ретінде өндіріс пен инвестиция көлемінің циклдық құбылу жағ-

дайында тіптен әлемдік тауарлар мен капитал нарығындағы дағдарыс кезеңінде де әлеуметтік экономикалық жағдайдың айтарлықтай әлсіреуіне және ішкі және сыртқы қауіптердің өсуіне жол бермейді. Бұнда экономикалық қауіпсіздіктің шамалары, яғни шекті шамалары маңызды рөл атқарады, оларды қадағаламау экономиканың қалыпты дамуына кедергі келтіреді және өндіріс пен тұтынуға деструктивті тенденциялардың қалыптасуына әкеп соғады. Экономикалық қауіпсіздіктің қауіптері ретінде қазіргі жағдайдың төмендеуіне әкелетін және оның жақсаруына кедергі келтіретін, өндіріс, инвестициялау мен жұмыспен қамту, сондай-ақ халықтың тұтынуы мен кірістерінің тұрақсыздығы тенденциясын тудыратын факторлар қаралуы тиіс.

Жалпы алғанда, экономикалық қауіпсіздік дегеніміз, болжанбайтын немесе нашар болжанын эндогенді және экзогенді факторлардың әсеріне қарсы тұра алатын жағдайда дамитын ұлттық әлеуметтік экономикалық жүйе жағдайы. Өндіріс, инвестиция, жұмыспен қамту тұрақтылығы жоғары болған сайын экономиканың, оны модернизациялаудың одан әрі өсуі және бәсекеге қабілеттілігінің арту мүмкіндігі жақсартады, ол экономикалық қауіпсіздік тарапынан мемлекеттің жағдайын жақсартады.

Қазіргі уақытта экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мемлекеттің маңызды қызметтерінің қатарына жатады. Мемлекеттің жекелеген даму кезеңдерінде оның рөлі айтарлықтай өсіп, ұлттық қауіпсіздіктің өзге компоненттеріне қатысты басым болуы мүмкін. Елімізде бұған бір-қатар шарттар әсер етеді:

а) бұрынғы КСРО кеңістігінде дезинтеграциялық үрдістердің теріс шаруашылық және әлеуметтік салдары;

ә) ұзаққа созылған экономиканы реформалау. Реформалар жиырма жыл бойы іске асуда, алайда көптеген бағыттар бойынша (атап айтқанда, меншік қатынасы, бизнесті реттеу саласында) олар әлі де болса толық аяқталған жоқ;

Қазіргі уақытта әртүрлі авторлар экономикалық қауіпсіздік негіздерін тұлға, қоғам мен мемлекет қауіпсіздігінің барлық компоненттерінің қалыптасуымен, әртүрлі тұрғындар тобы мүдделерінің даулы жағдайларын шешумен, аумақты, жекелеген әлеуметтік тұрғындар тобын тым артық экономикалық саралауды жоюмен байланыстырады. Көбінесе мемлекеттік экономикалық қауіпсіздік өлшемдері экономиканың ресурстық, инвестициялық, энергетикалық және инфрақұрылымдық қамтамасыздығының көрсеткіштері базасында қалыптасады. Мемлекеттің (аумақ-

тың, саланың, халық шаруашылығы кешенінің) экономикалық қауіпсіздігінің «деңгейлік амалына» үш құрамдас бөлік жатады: а) нарықтың қосалқы жүйесінің қауіпсіздігі; б) мемлекеттік реттеудің қосалқы жүйесінің қауіпсіздігі; в) кәсіпорындар қауіпсіздігі.

Нарықтық қосалқы жүйесінің қауіпсіздігі ішкі және сыртқы тұрақтандыруға қарсы факторлардың әсері кезінде тұрақтылықты сақтап қалу, сондай-ақ өзгермелі экономикалық және өзге жағдайларға бейімделу мен даму қабілетімен анықталады. Нарықтық қатынастарды тиімді өзін-өзі реттеу, кәсіпкерлік бәсекеге қабілетті ортаның тепе-теңдігі, инвестиция мен инновацияларды ынталандыруды қалыптастыру, капитал нарықтарын, сонымен қатар, сыртқы нарықтарда тиімді жолдарды іздеу маңызды.

Мемлекеттік реттеудің (басқарудың) қосалқы жүйесінің қауіпсіздігі басқару шешімдерін қабылдау кезінде, атап айтқанда мемлекет ішінде шетелдік әріптестер мен жетекші топтардан оның дербестігін сақтап қалу дегенді білдіреді. Осы қосалқы жүйеге әсер ететін факторларды сыртқы және ішкі қауіптерді үш топқа бөлуге болады.

а) басқару нәтижесінде өзгеріске ұшырмайтындар (экономикалық қосалқы жүйенің көлемі (мемлекет, аумақ), географиялық жағдай, минералдық шикізат ресурстарының болуы, климаттық жағдайлар);

б) ұзақ мерзімді уақытта мақсатты басқару қызметі арқылы өзгеріске ұшырайтындар (озық өндіріс технологияларын енгізу, жеткілікті айналым қаржысының және валюталық резервтің болуы, мемлекет немесе аумақ экономикасына шетелдік инвестицияларды тарту);

в) қысқа мерзімде экономикалық саясат шараларын қолдану арқылы өзгеріске ұшырайтындар (сауда әріптестерін ауыстыру, тауарлық, қаржылық және еңбек ресурстарын қайта бөлу, ұлттық валюта курсы мақсатты өзгерту, валюталық және кедендік реттеу құралдарын қолдану).

Кәсіпорын қауіпсіздігі экономикалық қауіпсіздіктің микродеңгейіне жатады. Бұл деңгейде бәсекеге қабілетті нарықтық ортаның табиғи талаптарын белгілейтін шаруашылық субъектілерінің тұрақтылығы мен қауіпсіздігі факторларымен қатар, спецификалық қауіптер туындайды, мысалға, меншікті мерзімді бөлуге, активтерді бақылаумен күрес жүргізуге байланысты қауіптердің трансформациялық тәуекел үрдістеріне тән қауіптер. Бұл қауіптер қосылулар мен араласулар түрінде іске асуы мүмкін немесе ашық рейдерлік шабуылдар арқылы іске асады.

Атап өтелік: шетелдік инвесторлар өз бизнесінің қауіпсіздігіне өте сезімтал келеді және шаруашылық инвестициялық қызметтің осындай қауіптерін қазіргі кезде маңызды қауіптері ретінде қарайды.

Ұзақ мерзімді уақытта экономикалық саланың ұлттық қауіпсіздіктің негізгі стратегиялық тәуекелі мен қауіптеріне ұлттық экономиканың экспорттық шикізаттық даму моделін сақтау, бәсекеге қабілеттілігін азайту мен мемлекеттің сыртқы экономикалық конъюнктурасына тәуелділігі жатады. Сонымен қатар, қауіптер мен тәуекелдер қатарына: ұлттық ресурстарды бақылауды жоғалту, өнеркәсіп пен энергетиканың шикізат базасы жағдайының нашарлауы, аумақтардың бірқалыпты дамымауы және олардың экономикасының қарқынды еңбек жеткіліксіздігі, ұлттық қаржы жүйесінің тұрақтылығы мен қорғау деңгейінің төмендігі, шаруашылық қарым қатынастарының жемқорлығы мен қылмыстылығы, жасырын миграция т.б. жатады [4].

Мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тиісті критерийлер мен индикаторлар жүйесін әзірлеу қажет. Бұл жүйе басқаруға, бақылауға, идентификациялауға келетін және ақпаратқа толы болуы шарт. Барлық критерийлер жалпы алғанда жүйе тұрақтылығын сақтауға арналған. Қауіпсіздік критерийлері мен деңгейлерін олардың қатыстық дербестігі бойынша бөлуге болады. Мұнда жүйенің барлық өлшемдерінің өзгеруін үнемі бақылау талап етіледі.

Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты қатынастар мемлекеттік басқарудың нақты нысаны болуы шарт. Басқару нысаны ретінде экономикалық қауіпсіздік жүйесі келесі бөліктерден тұрады: ұлттық қауіпсіздік концепциясы, елдің экономика саласындағы ұлттық мүдделері, экономика саласындағы қауіптер, экономикалық қауіпсіздік индикаторлары, олардың шекті шамалары, экономикалық қауіпсіздікті ұйымдастыру, олардың құқықтық қамтамасыздығы [5]. Осылайша, экономикалық қауіпсіздік саласында мемлекеттік басқару міндеті: мемлекеттің экономикалық жүйесін тұрақтандыруға кері әсер ететін және оны бұзуға әкелетін сыртқы және ішкі қауіптерді уақытында анықтау мен олардың алдын алу, сонымен қатар шаруашылық қызметтің барлық салаларының қорғалуын қамтамасыз ету және әлеуметтік экономикалық даму мақсаттарына қол жеткізу.

Мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігінің негізгі факторлары мен қазіргі қауіптері туралы түсінік уақытқа сай өзгереді. Болашақта өндіруші күштердің инновациялық дамуын қамтама-

сыз етуде ұлттық экономикалық қауіпсіздігінің өзінің жеткіліктілігін жоғалтып алу қаупі. Мемлекет жылдан жылға көбейіп келе жатқан шетелдік инновациялық жобалардан, әзірлемелерден орны толмас тәуекелдікке ұшырауы мүмкін (технологияларды, өнім түрлерін, өндірісті басқару әдістерін және т.б. қоса алғанда).

Дағдарысқа дейінгі кезде мемлекетте инновациялық үлгідегі экономика негіздерін құру бойынша шаралар қабылданған болатын: ерекше экономикалық аймақтар ұйымдастырылды, инновацияларға қосымша салықтық ынталандыру енгізілді, инвестициялық-инновациялық бағыттағы қаржы институттары ашылды. Айтылғандарды талдап және негіздей келе тұжырымдайтынымыз, бүгінде әлем тұтастануда және жаңа ынтымақтастықты қажет етуде. Бірлесіп даму мен өзара қауіпсіздік жолындағы ынтымақтастық жанданып, алдыңғы мәселелердің біріне айналды. Қазіргі әлемде ғаламдану кезінде бірде-бір өркениетті мемлекет өзінің мүмкіншілікті ерекшеліктеріне қарамастан

экономикалық та, саяси жаңғыру үдерісінен тысқары қалмақ емес. Ғаламдық экономиканың ықпалы соншалық, қаншалық дамысам соншалықты дербеспін десе де әлемдегі бірде-бір мемлекет дағдарысты жалғыз жүріп жеңе алмайды. Қайта мемлекет басшылары бас қоса, ортақ шешім тапқандары жөн болмақ. Десек те, ортақ нарықтың кеңеюі, интеграциялық қатынастардың дамуы, мемлекетаралық әлеуметтік еңбек бөлінісінің тереңдеуі, трансұлттық корпорациялардың өсуі, технологиялық даму бұл ұлттық қауіпсіздікке де әсерін тигізбей қоймайды. Қазіргі ғаламдану үдерісіне қарай елдің ғылыми-техникалық, өндірістік-экономикалық, инновациялық, валюталық-қаржы, әскери-стратегиялық, ресурстық-шикізаттық және транзиттік-көлік әлеуетінің тиімді шешімдерін әзірлеу және қабылдау, өзара сауданы дамыту, сондай-ақ еліміздің халықаралық ұйымдарға кіру кезінде олардың өзара келісу көзқарастары үшін көп жақты қатынастар саласындағы жүйелік талдауды қолдану қажеттілігі туындайды.

#### Әдебиеттер

- 1 Сенчагов В.К. Экономическая безопасность: геополитика, глобализация, самосохранение и развитие (книга четвертая). – Москва: Финстатинформ, 2002. – С. 35-41.
- 2 Боголюбов С.А. Экология и экономическая безопасность: учебное пособие. – М., 2007. – С. 102-115.
- 3 Бендиков М.А. Экономическая безопасность промышленного предприятия в условиях кризисного развития // Менеджмент в России и за рубежом. – №2. – 2009. – С. 91-97.
- 4 Афонцев С. Национальная экономическая безопасность: на пути к теоретическому консенсусу // Мировая экономика и международные отношения. – №10. – 2002.
- 5 Спанов М.У. Концептуальные основы экономической безопасности: монография. – 2011. – С. 61.

#### References

- 1 Senchagov V.K. Ekonomicheskaya bezopasnost: geopolitika, globalizatsia, samosohranenie i razvitie (kniga chetvertaya). – Moskwa: Finstatinform, 2002. – S. 35-41.
- 2 Bogolubov S.A. Ecologia i ekonomicheskaya bezopasnost: uchebnoe posobie. – M., 2007. – S. 102-115.
- 3 Bendikov M.A. Ekonomicheskaya bezopasnost promyshlennogo predpriyatya v usloviah krizisnogo razvitia // Menedgment v Rossii i za rubezhom. – №2. – 2009. – S. 91-97.
- 4 Afontsev S. Natsionalnaya ekonomicheskaya bezopasnost: na puti k teoreticheskomu konsensusu // Mirovaya ekonomika i mezhhdunarodnye otnoshenia. – №10. – 2002.
- 5 Spanov M.U. Kontseptualnye osnovy ekonomicheskoi bezopasnosti: monografiya. – 2011. – С. 61.

